

«ҚАРАҢҒЫ ТҮНДЕ ТАУ ҚАЛҒЫП» ТУРАЛЫ

Ұлбосын Арзықұл

2 курс магистранты

Әл-Фараби ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан

«Қараңғы түнде тау қалғып» - Абайдың, орыс ақыны, М.Ю. Лермонтовтың «Из Гете» атты өлеңінен аударған шығармасы. «Қараңғы түнде тау қалғып» 4 тармақты 2 шумақты, жалпы 8 жолдан тұрады.

Гете өзінің *Wanderer's Nachtlied* («Жолаушының түнгі жыры») өлеңін 1778 жылыдың күзінде Рейн өзені бойындағы бір деревняға жаяу барар жолында шаруа үйінің қабырғасына жазып қалдырған. Лермонтов бұл сегіз жолдық шағын өлеңді 1840 ж. неміс тілінен тікелей аударған. Ал Абай Лермонтовтың аудармасын өзіне асыл нұсқа ете отырып 1892 жылы ұлы неміс ақыны Гетенің жан сырын қазақ топырағына бейімдеп, ұлттық әр беріп тәржімалады.

«Әртүрлі тарихи-географиялық ортада, әртүрлі қоғамдық формация мен тарихи кездерде, тіл мен әдебиет дәстүрі бір-бірінен мүлдем алшақ жағдайда өмір сүргендеріне қарамастан, Гете мен Абай тағдырларында, дүниетанымдарында, ізденістерінде, адамгершілік, ынта-талабында, ұлттық мәдениетті дамытып, ұлттық сана-сезімді ояту бағытындағы ересен еңбектерінде үндес, сарындас әуендер жиі кездеседі» [1.175] деп жазған белгілі аудармашы Герольд Бельгер Гетенің «Жолаушының түнгі жыры» негізінде туындаған Лермонтовтың «Тау шырдары» мен Абайдың «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңдерінің үндес әуендерін кезінде біраз зерттеп, сол жайында бірқатар мақалалар жазған. Лермонтов пен Абайдан басқа, Гетенің «Жолаушының түнгі жыры» өлеңін бірқатар ақын-жазушылар қазақ және орыс тілдеріне аударған, атап айтқанда Г. Бельгер, В. Брюсов, И. Анненский, Б. Момышұлы, Құрманбаев, М. Әлімбаев.

«Бұл өлең Лермонтов пен Абайды да өзінің көркемдік сиқырымен аударма жасауға шабыттандырды. Бірақ бұл аударма емес, Гете-Лермонтов-Абайдың ой мен сезім үндестігі десек те болады. Лермонтов, керісінше, Гете өлеңін еркіндеу аударып, орыс табиғатына лайық бірнеше тың бейне қосып, ырғақ, буын өлшемін дәл сақтамағанымен, түпнұсқадағы ойға, сарынға, сезімге ешбір нұқсан келтірмей, данышпан неміс ақынының философиялық ой-күйін, түйсік-сезім, дүние танымын айқын бере алған. Абай аудармасы жайында да дәл осыны айтуға болады. Ол Лермонтов тәржімасы арқылы ұлы Гетенің жан сырын тап басып, өлеңді қазақ топырағына бейімдеп, ұлттық әр беріп, жаңа, тың жыр туғыза алған. Абайдың шеберлігі, көрегендігі, сезімталдығы әсіресе үш өлеңді қатар қойып оқығанда ерекше айқындала түседі» [2.73].

Абай аудармасын түп нұсқамен салыстып тікелей аударғандағы мағынасын көру мақсатында Гете өлеңін ешқандай ұйқасыз жолма-жол аудардық:

Асыл нұсқа: **Wanderer's Nachtlied**

*Über allen Gipfeln
Ist Ruh,
In allen Wipfeln
Spürest du
Kaum einen Hauch;
Die Vögelein schweigen im Walde.
Warte nur, balde
Ruhest du auch.*

Асыл нұсқадан жолма-жол қазақша аудармамыз:

*Дем алып, тыныш қалғанда...
Түнгі құбылыс.
Ең маңызды дүние,
Тыныштық болар.
Бүкіл әлемде
Біз сезуге құмар.
Құстар сайрамай қалса
Орман да тыныш болар
Тек қана байқайсың...*

Абай Лермонтов аудармасын өзіне асыл нұсқа етіп аударғандықтан, оның аудармасын да жолма – жол ұйқасқа салмай аудардық:

М. Ю. Лермонтовтың аудармасы:

«Из Гете»
*Горные вершины
Спят во тьме ночной.
Тихие долины
Полны свежей мглой. .
Не пылит дорога,
Не дрожат листы...
Подожди немного,
Отдохнешь и ты. .*
Лермонтов аудармасынан жолма-жол қазақша аудармамыз:
Тау шыңдары

*Тау шыңдары,
Қараңғы түнде ұйықтап жатыр
Тыныш алқап,*

*Толық болған қараңғылық
Жолдар шаңданбай
Жапырақтар қалтырамайды
Күте тұр кішкене,
Демаласың және сен...*

Абай аудармасы:

***Қараңғы түнде тау қалғып,
Ұйқыға кетер балбырап.
Даланы жым-жырт, дел-сал гып,
Түн басады салбырап.
Шаң шығармас жол-дағы.
Сыбдырамас жапырақ,
Тыныштығың сен-дағы
Сабыр қылсаң азырақ.***

Жоғарыда берілген аудармаларымыз бойынша Абай аудармасын Гетенің «Wanderer's Nachtlied» («Жолаушының түнгі жыры») өлеңінің қазақшаға жолма-жол аударма нұсқасымен, М. Ю. Лермонтовтың «Из Гете» аудармасының қазақшаға жолма-жол аудармасымен салыстыра отырып талдайтын болсақ, асыл нұсқадағы:

*Über allen Gipfeln
Ist Ruh, -*

алғашқы екі жол жолма-жол қазақшалағанда, мынадай болып аударылады:

*Дем алып, тыныш қалғанда...
Түнгі құбылыс.*

Лермонтов бұл екі жолды былай аударған:

*Горные вершины
Спят во тьме ночной.*

Абай бұл екі жолды:

*Қараңғы түнде тау қалғып,
Ұйқыға кетер балбырап, –*

деп, қазақ халқының табиғатына сай етіп, өзіндік бояу қосып аударған. Әрі қарай Абай аудармасына үңілетін болсақ мына жекелеген ұғымдар *долина – дала, тихие – жым-жырт* – деп аударылса, ұйқастың келуіне байланысты Лермонтов:

Тихие долины

Полны свежей мглой, -

деп аударған. Ал Абайда:

*Даланы жым-жырт, дел-сал зып,
Түн басады салбырап, -*

деп аударылған.

Өлең жолындағы «дел салғып» - деген жері ақынның еркіндігі, аударма бірліктері бойынша қосылған жекелеген ұғым. Абай аудармасында әр ой 2 жол сайын түйінделген. 1- шумақта кейбір сөздер аудармада ұйқастың келуіне байланысты жолдары ауысып келеді. Ал 2- шумақ бойынша жолдар жолма-жол аударылып келіп, соңғы екі жолы ұйқастың келуіне байланысты орны ауыстырылып аударылған.

- 1) Сәйкестігі бойынша - Абай аудармасы көркемдігі жоғары сәйкестік;
- 2) Аудармашы еркіндігі бойынша қосылған жекелеген ұғымдар:
дел-салғып, тау қалғып.

Асыл нұсқадағы мына екі жол:

*Kaum einen Hauch;
Die Vögelein schweigen im Walde, -*

қазақшаға тікелей жолма–жол аударылғанда былай болмақ:

*Құстар сайрамай қалса,
Орман да тыныш болар.*

Асыл нұсқадағы *орман, құстар* ұғымдары Лермонтовта да Абайда да түсіп қалған. Бұл ұғымдар Лермонтовта да Абайда да түсіп қалғанымен асыл нұсқадағы ой толығымен сақталған. Бұл жолдарды Абай қазақ табиғатына лайық етіп –

*Шаң шығармас жол-дағы.
Сыбдырамас жапырақ, –*

деп аударған. Шаң шығармас тып-тыныш тыншыған жол да, жым-жырт дала да қазақ халқына түсінікті. Бір таң қаларлығы Абай аудармасы о баста қазақ тілінде жазылған төл шығармадай әсер етеді.

Өлеңнің соңғы жолдары асыл нұсқа мен асыл нұсқадан жолма-жол аудармасында былай берілген:

*Warte nur, balde
Ruhest du auch.
Дем алып, тыныш қалғанда...
Тек қана байқайсың.*

Ал М. Лермонтов аудармасында:

*Подожди немного,
Отдохнешь и ты... –*

деп өріледі. Абай М.Лермонтовтағы бұл жолдарды асыл нұсқа ретінде ала отырып:

*Тыншығарсың сен-дағы,
Сабыр қылсаң азырақ, –*

деп аударған. Абайдың бұл тұстағы шеберлігі неміс тіліндегі асыл нұсқаға дәлдігі емес, себебі Абай үшін асыл нұсқа рөлін М. Лермонтовтың аударма нұсқасы атқарады. Яғни бұл жолдардың қиялдан қосылмай, М. Лермонтовтың аударма нұсқасымен толығымен сәйкес келуінде. Менің ойымша, Абай Гетенің бұл өлеңін немісшеден тікелей аударғанда өзге ақындардың аудармасын шаңына да жуытпас еді.

Мамандардың айтуынша, жоғарыда айтып өткендей Лермонтов орыс табиғатына лайық етіп бірнеше тың бейне қосып аударған дей келе орыстың тағы бір жазушысы В. Брюсов Гетенің бұл өлеңін аударуда аянбай тер төккендігін айтады.

В. Брюсов аудармасы:

*На всех вершинах
Покой,
В листве, в долинах
Ни одной
Не дрогнет черты;
Птицы спят в молчании бора.
Подожди только: скоро
Уснешь и ты.*

Бұл, аударма, неміс тілін білетіндердің айтуынша, рифма, өлшем, рухы жағынан түпнұсқадан айнымайды екен. Сөйтсе де Лермонтов аудармасы жұрт құлағына сіңіп, оқырман қауымға кең тарап, етене жақын болып кеткендіктен, елеусіз қалып қойған[2.73].

Қорыта келгенде Абайдың бұл «Қараңғы түнде тау қалғып» аударма өлеңі - мағынасы бойынша түп нұсқамен толық сәйкес келеді, Абай аудармасы қазақ халқының табиғатына сай бірнеше тың бейне қосып аударған.

«Гете мен Абай шығармашылығы көл көсір дүние. Мұқтар Әуезов айтқандай, олардан бәрімізде шөмішпен қалқып алып отырмыз»[1.193] - деген Г. Белгер бекер емес.

Әдебиеттер

1. Бельгер Г. Абай мен Гете // Абай тағылымы: әдеби-сын зерттеулер мен мақалалар / құраст. Н.Ғабдуллин. – Алматы: Жазушы, 1986.
2. Даутова Г. Ұлылар үндестігі // Абай институтының хабаршысы /№5(17) 2012.